

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 645 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 28 қарашадағы № 1256 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Агроөнеркәсіптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 шілдедегі № 645 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., № 25, 257-күжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешенді мамандандырылған ұйымдардың қатысуымен қолдау ережесінде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Холдинг пен «ҚазАгроИнновация» акционерлік қоғамы министрлікке министрлік белгілеген нысанда және мерзімде қаражаттың пайдаланылуы туралы а қ п а р а т б е р е д і . » ;

8-тармақ «қарыз беру» деген сөздерден кейін «мақсатты пайдалану,» деген с ө з д е р м е н т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

9-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«қарыз алушы - өсімдік шаруашылығы өнімін өндірумен және/немесе қайта өңдеумен айналысатын жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ өз қатысушыларына қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ауылдық тұтыну кооперативтері;»;

10-тармақтың төртінші абзацы «қарыз беру» деген сөздерден кейін «және/немесе өсімдік шаруашылығы өнімін сатып алу» деген сөздермен толықтырылсын;

21-тармақтың 1) тармақшасы «қытай бұршағы, күнбағыс» деген сөздерден кейін «, рапс» деген сөзбен толықтырылсын;

22-тармақтағы «ауыл шаруашылығы дақылдарымен» деген сөздер алынып т а с т а л с ы н ;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуды ынталандыру жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде агроөнеркәсіптік кешенді «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамының (бұдан әрі - қоғам) қатысуымен Қазақстан Республикасының заңнамасына және қоғамның ішкі кредит саясатына сәйкес қолдау қаржы лизингі және/немесе агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру арқылы жүзеге асырылады.

Лизингтің және/немесе кредиттің республикалық бюджет қаражаты есебінен сыйақы ставкасы жылдық 4 %-дан аспауы тиіс.»;

26-тармақ алынып т а с т а л с ы н :

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Қоғамның агроөнеркәсіптік кешенді қолдауы жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа сәйкес жүзеге асырылады.»;

29 - тармақта :

3) тармақшадағы «кредит беру.» деген сөздер «кредит беру;» деген сөздермен ауыстырылсын ;

мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындарға кредит беру.»;

33 - тармақта :

1) және 2) тармақшалар алынып тасталсын;

3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«1) балық өсіру және молайту;

2) туризмді, қонақ үй бизнесін, жол бойындағы сервисті және қоғамдық тамақтану орындарын ұйымдастыру.»;

5) тармақша алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 33-1-тармақпен толықтырылсын:

«33-1. Ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу және тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі кәсіпорындарға олардың негізгі және айналым құралдарын толықтыруға кредит беру және қайта қаржыландыру.»;

34-тармақтың 1) және 2) тармақшалары «ауыл халқына» деген сөздерден кейін «және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге» деген сөздермен толықтырылсын ;

36 - тармақта :

«Министрлік» деген сөзден кейін «Холдингтің ұсыныстары негізінде» деген сөздермен толықтырылсын ;

«ауыл халқына» деген сөздер алынып тасталсын;

37-тармақтың бірінші абзацы «Ауыл халқына» деген сөздерден кейін «және ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге» деген сөздермен толықтырылсын;

46-тармақтың 3) тармақшасы «қорғау үшін» деген сөздерден кейін «сатып алу операцияларын және» деген сөздермен толықтырылсын;

49-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды құру мен дамытуға және ауыл шаруашылығы өнімінің электрондық сауда-саттығына қатысу, биржалық сауда-саттық, электрондық сауда және ақпараттық-логистикалық орталықтар арқылы ауыл шаруашылығы өнімін сатуда агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне жәрдемдесу;»;

50-тармақтың 4) тармақшасында :

бірінші абзацтағы «технологиялар мен электрондық сауда-саттықты» деген сөздер «технологияларды, электрондық сауда-саттық пен биржалық сауданы» деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

үшінші абзац «электрондық сауда-саттық» деген сөздерден кейін «пен биржалық инфрақұрылым» деген сөздермен толықтырылсын;

52-тармақтың 1) тармақшасы «астық» деген сөзден кейін «(мақта)» деген сөзбен толықтырылсын ;

5 3 - т а р м а қ т а :

«астық» деген сөзден кейін «(мақта)» деген сөзбен толықтырылсын;
«астық қабылдау кәсіпорындары» деген сөздерден кейін «(мақта қабылдау пункттері)» деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК